

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ПУБЛИЦИСТИКАДА КӨРІНІС ТАБУЫ

Утемисова Дильназ

utemisova.dilnaz07@gmail.com

Журналистика және ақпарат білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, магистр, сеньор-лектор – Исмурзина Г.Б.

Аңдатпа: Бұл мақалада экологиялық мәселелердің публицистикада көрініс табу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі Қазақстандағы ауа ластануы, су тапшылығы, Арал өңірінің экологиялық ахуалы, Балқашқа төнген қатер, өндірістік және тұрмыстық қалдықтар мәселесінің ақпараттық кеңістікте жиі көтерілуімен байланысты. Мақаланың мақсаты – экологиялық тақырыптағы публицистикалық мәтіндердің қоғамдық санаға ықпал ету тетіктерін, тілдік-стильдік сипатын және әлеуметтік қызметін анықтау. Зерттеу барысында сипаттамалы талдау, салыстырмалы саралау, мазмұндық талдау және тұжырымдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде экологиялық публицистика табиғатқа төнген қатерді жай хабарлап қана қоймай, оны ұлттық қауіпсіздік, халық денсаулығы, аймақтық тағдыр және азаматтық жауапкершілік аясында түсіндіретін ықпалды жанр екені айқындалды. Сонымен бірге Қазақстандағы экологиялық публицистиканың пәрменділігі нақты дерек, жергілікті мысал, ғылыми негіз және адам тағдырының бірлігінде ашылатыны дәлелденді.

Тірек сөздер: экология, публицистика, экологиялық журналистика, қоғамдық сана, медиа, табиғат, экологиялық проблема, ақпараттық кеңістік.

Қазіргі кезеңде экологиялық мәселе ғылым шеңберіндегі тар тақырып болудан әлдеқашан өтіп, қоғамдық өмірдің ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қазақстан жағдайында бұл мәселе ерекше өткір сезіледі. Бір өңірде ауа ластанса, екінші өңірде су тапшылығы күшейеді; бір жерде өндірістік қалдықтар қоршаған ортаға зиян келтірсе, енді бір жерде табиғи тепе-теңдік бұзылып, халықтың тұрмыс сапасына ықпал етеді. Осындай жағдайда публицистика қоршаған ортаға қатысты деректерді көпшілікке түсінікті тілмен жеткізетін, мәселені қоғамдық ойдың өзегіне айналдыратын, әлеуметтік сергектік туғызатын маңызды құрал қызметін атқарады.

Қазіргі Қазақстандағы экологиялық публицистикаға қатысты еңбектер сұрыпталып, олардың ішіндегі ортақ ойлар мен өзекті тұжырымдар анықталды. Сонымен бірге экологиялық тақырыптың медиа мәтінде берілуіндегі дерек, эмоция, авторлық бағалау, жергілікті мысал, қоғамдық үндеу және әлеуметтік жауапкершілік сияқты компоненттерге назар аударылды.

Қазақстандағы экологиялық публицистиканың нақты проблемаларды қоғамдық күн тәртібіне шығарудағы пәрмені, ең алдымен, жергілікті медианың мүмкіндігімен байланысты. Алматыдағы ауа ластануы туралы зерттеуде М. Абдіқаппар, Ә. Әлімжанова, Ш. Қалияждарова жергілікті басылымдардың бұл мәселені әркелкі және толық емес қамтитынын көрсетіп, тұрақты әрі терең ақпараттандырудың жетіспейтінін айқындайды. Зерттеуде Алматыдағы ластанудың негізгі себептері ретінде тұрмыстық жылыту, өнеркәсіп, құрылыс, биомассаның жануы және көлік шығарындылары аталады. Осы байлам экологиялық публицистиканың нақты дерекке сүйенген кезде ғана сенімді болатынын аңғартады. Егер публицист қаладағы қара түтінді абстрактілі құбылыс ретінде емес, таңертең терезе ашқанда сезілетін иіс, бала денсаулығына әсер, көлік саясаты мен урбанистикалық шешімдермен байланысқан мәселе ретінде ашса, мәтіннің ықпалы арта түседі. Демек, экологиялық мәселенің публицистикада көрініс табуы шынайы өмірдің тынысымен қабысқанда ғана қоғамдық мазмұнға ие болады [1, 100].

Экологиялық публицистика тек қауіп туралы хабар таратпайды, ол қоғамдық сананы қалыптастыратын арнаға айналады. А. Әлімжанова, М. Әбдіқаппар, Б. Кәрімова, М. Нұрманова, М. Жетпісбаева экологиялық журналистика сапалы әрі қолжетімді ақпарат арқылы жұртшылық пікірін қалыптастырып, азаматтарды экологиялық мәселелерге жұмылдыра алатынын дәлелдейді. Бұл тұжырым Қазақстан жағдайында айрықша маңызды. Себебі Қызылордадағы шанды дауыл, Жамбыл өңіріндегі жердің тозуы, өндірістік аймақтардағы экологиялық тәуекел сияқты құбылыстар жай есеп емес, қоғамдық әрекетті қажет ететін мәселелер. Публицистика осындай ахуалды ғылыми есептің құрғақ тілімен емес, адам мен табиғаттың арақатынасы арқылы беріп, экологиялық проблеманы қоғамдық жауапкершілік деңгейіне көтереді. Яғни экологиялық публицистиканың мазмұндық өзегі – дерек пен азаматтық үннің бірлігі [2, 1310].

Су мәселесі де қазақстандық публицистикада ерекше маңызға ие болып отыр. І.Қыдырмолданова мен О.Ошанова Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі жөніндегі зерттеуінде медианың экологиялық ағартуға, саясатқа ықпал етуге және азаматтық қоғамды жұмылдыруға тиіс екенін көрсетеді. Авторлар экологиялық журналистиканы дамыту мен халықтың медиасауаттылығын арттыру су мәселесін тұрақты шешудің алғышарты болатынын атап өтеді. Бұл ой Қазақстан үшін өте өзекті, өйткені Сырдария суы, трансшекаралық өзендер, су қоймаларының жайы, егіншілік пен тұрмыстық тұтыну мәселелері бүгінде экология мен экономиканы тікелей байланыстырып отыр. Публицистикада су тапшылығы тек техникалық проблема ретінде емес, аймақ тағдыры, әлеуметтік тұрақтылық, тіпті ұлттық қауіпсіздікпен сабақтас тақырып ретінде ашылғанда ғана оның қоғамдық салмағы артады. Сондықтан су туралы экологиялық мәтіндерде эмоциялық әсерден гөрі түсіндіру, салыстыру және салдарын көрсету тәсілі басым болуы керек [3, 77].

Қазақстандағы экологиялық журналистиканың тарихи және жанрлық қалыптасуын саралаған Ғ. Майкотова, Е. Әбдіраман, Т. Орнықбай бұл саланың Арал апаты, Семей полигоны, жаһандық жылыну, табиғатты қорғау тақырыптарымен тығыз дамығанын көрсетеді. Зерттеуде экологиялық журналистика ғылыми, денсаулық, саясат, экономика, қоғам бөлімдерімен сабақтасып, бұқаралық ақпарат құралдарында дербес насихаттық және талдамалық бағыт ретінде орныға бастағаны айтылады. Бұл байлам публицистиканың табиғатын жақсы ашып береді: экологиялық мәтін тек апат туралы репортаж емес, ол денсаулыққа, шаруашылыққа, көші-қонға, тұрмысқа, мәдениетке әсер ететін кең құбылыстың сөздік бейнесі. Мәселен, Арал мәселесі жайында жазылған сапалы публицистикалық мәтінде теңіздің тартылуы ғана емес, балық шаруашылығының күйреуі, тұзды шаңның адам денсаулығына әсері, қаңыраған ауылдардың психологиялық ахуалы қатар беріледі. Сонда экологиялық мәселе географиялық факт күйінде емес, ұлттық қасіреттің әлеуметтік шындығы ретінде көрінеді [4, 109].

Арал теңізі төңірегіндегі қазіргі қазақстандық әрекеттер мен оның медиадағы бейнесін қарастырған А.Ниетбек еңбегінде Көкарал бөгеті, Аралды құтқару халықаралық қоры, су көлемінің артуы және Солтүстік Аралдың ішінара жандануы Қазақстанның экологиялық қадамдары ретінде бағаланады. Бұл зерттеу экологиялық тақырыптың публицистикада тек қасірет бейнесімен шектелмей, қалпына келтіру, ынтымақтастық, үміт және жауапкершілік ұғымдарымен қатар өрілуі керектігін аңғартады. Яғни экологиялық публицистика мәселені тек ушықтырушы емес, шешім іздеуші сипатта да көрінуі қажет. Арал туралы мәтіндерде бұрынғы апаттың суретін қайталау жеткіліксіз; оқырманға бүгін қандай жұмыс істеліп жатыр, оның қай бөлігі нәтижелі, қай тұсы әлсіз, халыққа нақты әсері қандай деген сұрақтарға жауап берілуі тиіс. Сонда экологиялық публицистика үрей туғызатын мәтін емес, қоғамдық үміт пен сындарлы бақылаудың алаңына айналады [5, 24].

Теңдік Жауырұлының «Каспий – құдаң емес» кітабы экологиялық публицистиканың нақты аймақтық шындықты қалай терең ашатынын дәлелдейді. Автор Каспий жағалауының өзгерісін жалаң дерекпен емес, халық тұрмысы, балықшылық кәсіп, ауыл тағдыры және экологиялық қауіптің күнделікті өмірге енуі арқылы суреттейді. Оның

«қайық жоғары, үйлер төмен тұр» деген бейнелі түйіні табиғи тепе-теңдіктің бұзылуын публицистикалық қуатпен жеткізеді [6, 14–19]. Ал Азғыр полигонына қатысты ойлары Атырау өңіріндегі экологиялық мәселенің бір ғана теңізбен шектелмей, тарихи-әлеуметтік жаракатпен сабақтас екенін аңғартады [6, 47–49].

Осы қатарда Атырау өңірінің экологиялық ахуалы публицистикада ерекше салмақпен көрінеді. Бұл тақырыпты ашуда Теңдік Жауырұлының «Каспий – құдаң емес» кітабындағы байқаулар маңызды ойлық тірек бола алады. Автор Каспий маңындағы ахуалды жалаң факт ретінде емес, халық тұрмысы мен аймақ тағдырына тікелей әсер етіп отырған әлеуметтік-экологиялық құбылыс ретінде суреттейді. Оның мәтіндерінде теңіздің көтерілуі тек табиғи процесс емес, жағалаудағы ауылдардың берекесін қашырған, балықшының кәсібін күйзелткен, елдің ертеңіне күмән ұялатқан шындық ретінде танылады. Жауырұлының “қайық жоғары, үйлер төмен тұр” деген астарлы байламы Атырау аймағындағы табиғи тепе-теңдіктің бұзылғанын бір-ақ ауыз сөзбен аңғартады. Бұл тіркес публицистиканың қуатын дәлелдейді: кейде ұзақ статистика бере алмаған әсерді дәл табылған бейнелі сөйлем жеткізеді.

Атырау туралы жазылған мұндай публицистикалық мәтіндердің құндылығы – онда экология абстрактілі ұғым күйінде қалмайды. Мәселе нақты мекенмен, нақты адаммен, нақты үреймен сабақтасады. Мысалы, кітаптағы Азғыр полигонына қатысты ойлар да өңір экологиясының күрделілігін кең аяда көрсетеді. Автор полигон, теңіз, жағалау, ауыл тағдырын бір-бірінен бөліп қарамайды. Соның нәтижесінде оқырман Атырауды жекелеген проблемалардың жиынтығы емес, экологиялық қысым қабаттасқан күрделі кеңістік ретінде қабылдайды. Бұл – публицистика үшін өте маңызды ерекшелік. Себебі экологиялық мәтіннің күші табиғатты ғана емес, сол табиғатпен бірге күн кешкен жұрттың мазасыз күйін де көрсете алуында.

Жауырұлы еңбегінде Каспийдің мінезі туралы ойлар тек қорқыныш тудыру үшін берілмейді. Керісінше, автор жағалаудың шегінуі мен теңіздің тықсыруын, өндіріс ықпалы мен жергілікті халықтың тұрмысын қатар алып, жауапкершілік мәселесін алға шығарады. Оның “шегінетін жер қалған жоқ” дегенге саятын ойы экологиялық публицистиканың басты мұратын аңғартады: мәселені кейінге ысыра беруге болмайды. Осы тұрғыдан келгенде, Атырау туралы публицистикалық мәтіндерде табиғи апаттың белгісі, өндірістік салмақ, балықшылық кәсіптің әлсіреуі, ауылдық кеңістіктің өзгеруі және халық санасындағы алаң бір арнада тоғысады. Демек, экологиялық публицистикадағы Атырау бейнесі – жай аймақтық тақырып емес, ол Қазақстандағы табиғат пен қоғам қатынасының ең өткір көріністерінің бірі. Осындай мәтіндер арқылы оқырман экологияны сыртқы мәселе емес, ұлттық жауапкершілік кеңістігі ретінде тани бастайды.

Жоғарыдағы тұжырымдар негізінде Қазақстандағы экологиялық публицистиканың бірнеше айқын ерекшелігін байқауға болады. Біріншіден, ол нақты өңірлік проблемаға сүйенгенде ғана әсерлі болады. Алматыдағы түтін, Арал өңіріндегі тұзды дауыл, Балқаш маңындағы су тапшылығы, өнеркәсіпті қалалардағы эмиссия, қоқыс полигондарының көбеюі секілді тақырыптар оқырманға жақын әрі түсінікті. Екіншіден, экологиялық публицистикада құрғақ мәлімет жеткіліксіз; мәселені адам тағдырымен ұштастыру қажет. Мысалы, «ауа ластануы артты» деген сөйлемнен гөрі «таңғы уақытта мектепке бара жатқан баланың жөтелі көбейді» деген тірі сурет публицистикалық салмақты күшейтеді. Үшіншіден, бұл салада авторлық үн эмоцияға ғана емес, дәлелге негізделуі тиіс. Артық дабыл, жалған үрей немесе ұраншылдық мәтіннің сенімділігін әлсіретеді. Төртіншіден, қазіргі экологиялық публицистика тек мәселені сипаттап қоймай, шешім туралы да жазуы керек. Су үнемдеу мәдениеті, қалдықтарды сұрыптау, қоғамдық бақылау, жасыл инфрақұрылым, қалаішілік көлік реформасы, жергілікті азаматтық бастама секілді бағыттар публицистикалық мәтіннің практикалық қуатын арттырады.

Қазақстанда экологиялық мәселенің публицистикада көрініс табуы көбіне ұлттық жадпен де ұштасады. Арал, Семей, Балқаш сияқты атаулар жай географиялық нысан емес, қоғамдық санадағы экологиялық ескерту белгілеріне айналған. Сондықтан экологиялық

публицистикада тарихи жад, қазіргі ахуал және болашақ жауапкершілік үшеуі қатар өрілуі тиіс. Осындай тәсіл ғана оқырманды бейтарап бақылаушы күйінен азаматтық ұстаным иесіне айналдырады.

Қорыта келе, зерттеу барысында экологиялық мәселелердің публицистикада көрініс табуы қазіргі Қазақстан үшін аса өзекті бағыт екені анықталды. Экологиялық публицистика қоршаған ортадағы қатерлерді көпшілікке жеткізіп қана қоймай, оларды қоғамдық талқыға салады, әлеуметтік жауапкершілікті күшейтеді және экологиялық мәдениетті қалыптастырады. Алматыдағы ауа ластануы, су қауіпсіздігі, Арал мәселесі, экологиялық журналистиканың тарихи қалыптасуы мен бүгінгі даму үрдісі бұл саланың мазмұндық аясын кеңейтіп отыр. Нәтижесінде экологиялық публицистиканың ең пәрменді үлгісі нақты дерекке, жергілікті мысалға, адам тағдырына және шешімге бағытталған сындарлы ойға сүйенетіні айқындалды. Сондықтан экологиялық тақырыптағы публицистикалық мәтіндер Қазақстан қоғамында табиғатты қорғау идеясын нығайтатын, азаматтық ұстанымды бекітетін және болашақ алдындағы жауапкершілікті тереңдететін маңызды рухани-ақпараттық құрал болып қала береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдіқаппар М., Әлімжанова Ә., Қалияждарова Ш. The role of local media in identifying the causes of Almaty's air pollution // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2024. № 3(148). Б. 100–108. DOI: 10.32523/2616-7174-2024-148-3-100-108.

2. Әлімжанова А., Әбдіқаппар М., Кәрімова Б., Нұрманова М., Жетпісбаева М. Sustainable Development and Environmental Journalism: Implementing Societal Progress in Kazakhstan // Evergreen. 2025. Vol. 12. Issue 2. P. 1310–1321. DOI: 10.5109/7363511.

3. Қыдырмолданова І., Ошанова О. Медианың Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі туралы қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2025. № 4(153). Б. 77–92. DOI: 10.32523/2616-7174-2025-153-4-77-92.

4. Майкотова Ғ., Әбдіраман Е., Орнықбай Т. Қазақстандағы экологиялық журналистиканың даму ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. 2023. № 3(144). Б. 103–121. DOI: 10.32523/2616-7174-2023-144-3-103-121.

5. Ниетбек А. Kazakhstan's Proactive Measures in Addressing the Aral Sea Crisis as a Platform for Enhanced International Representation and Media Engagement // SDU Journal of Media Studies. 2025. № 1(1). P. 18–31. DOI: 10.47344/sdubss.v55i1.002.

6. Жауырұлы Т. Каспий – құдаң емес. — Б. 14–21; 47–49.